«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректорының
«26» 02 2025 жылғы
№ 05-04/141 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақ тілі пәні бойынша студентерге арналған аралық бақылаудың тест спецификациясы**

(2024-2025 оқу жылының көктемгі сессиясына қолдану үшін)

**Тест мақсаты:** Аралық бақылауды өткізу.

**Тест міндеті:** «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім алуды жалғастыру үшін қазақ тілі пәні бойынша білімді меңгеру деңгейін бағалау.

**Тест мазмұны:** Тест мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес қазақ тілі пәні бойынша негізгі материалдарды қамтиды.

| № | Тақырып | Тапсырма Формасы | Тапсырма деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | A | B | C |
| | | | 50 % | 30% | 20% |
| 1. | Л/т. Отбасындағы қарым-қатынас. Отбасындағы әкенің рөлі<br>Г/т. Зат есім тудырушы -лық, -шы, -гер жұрнақтары, болып келеді, деп саналады құрылым-дары. | Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған | 10 | 6 | 4 |
| | | Альтернативті тапсырма | 3 | 1 | 1 |
| 2. | Л/т. Ұлттық танымдағы қара шаңырақ туралы түсінік Қандай отбасын құрғыңыз келеді?<br>Г/т. Қазақ тіліне ғана тән дыбыстар жүйесі. | Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған | 10 | 6 | 4 |
| | | Альтернативті тапсырма | 2 | 1 | 1 |
| 3. | Л/т. Студенттік отбасы. Жас отбасының келіспеушілігі: себептері мен алдын алу Г/т. Сан | Бір дұрыс жауапты таңдауға | 10 | 6 | 4 |

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есім құрылымы, мәтіндегі сан есімдерді табу. | арналған | | | |
| | | Альтернативті тапсырма | 2 | 2 | 1 |
| 4. | Л/т. Еңбек нарығы дегеніміз не? Сұранысқа ие мамандықтар<br>Г/т. Болжалды сан есім(-даған, -дап) жуық, -уға тура кел құрылымы | Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған | 10 | 6 | 4 |
| | | Альтернативті тапсырма | 3 | 2 | 1 |
| 5. | Л/т. Жұмыс беруші талаптары. Бәскеге қабілеттілік<br>Г/т. Үстеу тудырушы -лай, -лей, -ша, -ше жұрнақтары, мақсат үстеулері | Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған | 10 | 6 | 4 |
| | | Альтернативті тапсырма | 3 | 2 | 1 |
| 6. | Л/т. Жұмыссыздық және жастар<br>Г/т. Етістіктің түрлері, жасалу жолдары | Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған | 10 | 6 | 4 |
| 7. | Л/т. Жаңа әлемдегі жастар келбеті. Ұлтқа қызмет ету<br>Г/т. Жалғаулықты шылау мәнді жалғаулықтар құрылымы | Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған | 10 | 6 | 4 |
| 8. | Л/т. Жастар арасындағы девианттық мінез-құлық Жастарға идеал керек пе? Жастардың байлық туралы көзқарасы Г/т. Қарсылықты мәнді құрылым, бірақ, дегенмен, әйтсе де, сөйтсе де, алайда жалғаулықтары | Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған | 10 | 6 | 4 |
| 9. | Л/т. Білімді жастар–болашақтың тірегі. Білім және бәсеке.<br>Г/т. Себеп-салдар мәнді құрылым, сондықтан, сол себепті, өйткені жалғаулықтар | Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған | 10 | 6 | 4 |

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10. | Л/т. Шетелдде оқып жүр талай қазақ баласы. «Болашақ» бағдарламасының түлегімен сұхбат. Білім адам өмірін жақсартуы керек Г/т. Салыстырмалы мәнді құрылым қандай/сондай, қалай/ солай, секілді, сияқты, формаларының қызметтері | Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған | 10 | 6 | 4 |
| 11. | Л/т. Әлемге түркілік көзқарас. Ұлттық ділге тән тұрақтылық пен өзгермелілік Г/т. Жатыс септігіндегі есімше, зат есім жасаушы күрделі жұрнақтар | Мәнмәтіндік тапсырма | 3 | 2 | 1 |
| 12. | Л/т. Театрға барасыз ба? Қазіргі қазақ киноиндустриясы деңгейі. Нағыз өнер туындылары уақыт талғамайды Г/т. Ауыспалы өткен шақ, сұраулық шылау, есімшенің болымсыз түрі | Мәнмәтіндік тапсырма | 3 | 2 | 1 |
| 13. | Л/т. Ақпараттар кеңістігі. Ақпараттық мәдениет Г/т. Грамматика: етістік+ып біт, таста құрылымы, қимыл-сын үстеуі | Мәнмәтіндік тапсырма | 4 | 1 | 1 |
| 14. | Л/т. Цифрлық технология – заман талабы. Цифрлық технология -халықтың өмір сүру сапасын арттыру Г/т . Етістік+а/е/ келеді, бер, жүр құрылымы, туынды сын есім жасаушы жұрнақтар | Мәнмәтіндік тапсырма | 1 | 1 | 1 |
| 15. | Л/т. Smart оқыту-білім берудің жаңа парадигмасы Г/т. Ашық рай+дейді+дейсің моделі, барыс , шығыс септігіндегі есімше | Мәнмәтіндік тапсырма | 1 | 1 | 1 |

**Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С– 20 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ
Ұйымдастыру және
құжаттама қызметі

беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**Тесттегі тест тапсырмаларының саны:**

Тест қазақ тілі пәні бойынша 25 тест тапсырмаларынан тұрады оның ішінде:

- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары оның ішінде, төрт жауаптың ішінде бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары, екі жауаптың ішінде бір дұрыс жауапты таңдауға арналған альтернативтік тест тапсырмалары;
- бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 3 тест тапсырмаларынан тұратын 5 мәнмәтін;
- 10 алты жауаптың ішінде бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары бар.

**Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:**

Қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарын, сөзжасам жұрнақтарын және сөйлем құрылымдарын танып білу. Грамматикалық ережелер мен тілдік құрылымдардың мағынасын түсіну, оларды мәтіндерде талдау. Оқылым және жазылым арқылы қазақ тілінің ерекшеліктерін меңгеру, сөйлеуде дұрыс қолдану. Қоғамдық және әлеуметтік тақырыптар бойынша пікір білдіру, қазақ тілінде еркін қарым-қатынас жасау.

**Тест тапсырмаларын орындау уақыты:**

Тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 1,5 минутты, жалпы тестті орындау уақыты – 40 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**Тест тапсырмаларының формасы:**

Төрт жауаптың ішінде бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары, екі жауаптың ішінде бір дұрыс жауапты таңдауға арналған альтернативтік тест тапсырмалары және алты жауаптың ішінде бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**Тестілеу орталығының басшысы** **А.З. Смагулова**

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
Іс-жүргізу және мұрағат ісі қызметі